

**Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 340 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 28 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4947 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің м.а. 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 622 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің м.а. 2014.09.19 № 622 (01.01.2015 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 наурыздағы Заңына с ә й к е с

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Техникалық қызмет департаменті (М.Б. Тимохович) жазаны өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдарды орталықтандырылған есепке алуды қамтамасыз етсін.
3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Тыл департаменті (М.Т. Былқылов) Ереженің қосымшаларына сәйкес құжаттама бланкілерін дайындауды қамтамасыз етсін.
4. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының ішкі істер департаменттерінің бастықтары осы бұйрық талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер вице-министрі полиция генерал-майоры А.Ж. Шпекбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне (Ғ.А. Алпысбаев) жүктелсін.
6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуге жіберсін және мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
7. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

К е л і с і л г е н  
Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Б а с                      п р о к у р о р ы

2007 жылғы 28 тамыз

К е л і с і л г е н  
Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
Ж о ғ а р ғ ы      С о т ы н ы ң      т ө р а ғ а с ы

2007 жылғы 4 қыркүйек

К е л і с і л г е н  
Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Ә д і л е т              м и н и с т р і

2007 жылғы 26 қыркүйек

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
І ш к і                      і с т е р                      м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 7                      ж ы л ғ ы                      2 1                      т а м ы з д а ғ ы  
N 340 бұйрығымен бекітілген

## **Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру Ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған (бұдан әрі - мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған) адамдарды есепке алу және оларға жүктелген міндеттердің орындалуын бақылау тәртібін айқындайды.

2. Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдар тұрғылықты жеріне келген соң ол ішкі істер органдарының профилактикалық есебіне қойылып және оған бақылау ісі (Ережеге 1-қосымша) ашылып, тіркеуге жатады.

3. Соттың адамды жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босату туралы қаулысы бақылау ісін ашуға негіз болып табылады.

4.      І ш к і      і с т е р      о р г а н д а р ы :

1) мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдар таңдап алған тұрғылықты жеріне келген күні бақылау істерін ашады және профилактикалық е с е п к е                      қ о я д ы ;

2) тұрғылықты жері бойынша профилактикалық жұмысты жүзеге асырады;

3) мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың құқық бұзушылықтар, сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтаруы, қылмыстық пиғылдары, дайындап жатқан немесе жасаған қылмыстары туралы ақпаратты дер кезінде алу үшін жедел-іздігі және өзге де мүмкіндіктерді қолданады;

4) мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адам туралы ақпарат алу мақсатында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық - атқару жүйесінің мекемелері және органдарымен өзара іс-қимыл жасасады.

5. Бақылау істерін сақтау қоғамдық қауіпсіздік бөлімшелерінің немесе ішкі істер органдары учаскелік полиция пункттерінің қызметтік үй-жайларында құпия емес құжаттаманы сақтау жағдайларына сәйкес қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.19 № 361 (ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткеннен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

6. Қайта қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыру, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жоя отырып, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның сотталуы, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған жазасының өтелмеген мерзімінің аяқталуы, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшінің жойылуы, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның өлімі бақылау ісін жүргізуді тоқтатуға негіз болып табылады.

7. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың есепке алынуын қамтамасыз ету және олармен профилактикалық жұмысты бақылау қалалық ( аудандық) ішкі істер органы (бұдан әрі - ҚАПО) бастығының бір орынбасарына жүктеледі.

## **2. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдарды есепке алуды және олармен профилактикалық жұмысты ұйымдастыру**

8. ҚАПО-ның бастығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелерінен мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамға қатысты хабарлама алған соң мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның тұрғылықты жеріне келуін бақылауды қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесіне тапсырады.

9. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адам тұрғылықты жеріне келген соң ҚАПО-ның бастығы:

1) ҚАПО қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесіне профилактикалық есепке алуды және ақпаратты полицияның кезекші бөлімдеріне, арнайы мекемелеріне, кешенді

күштеріне

жіберуді;

2) ҚАПО-ның криминалдық полиция бөлімшесіне мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамды жедел есепке алуды тапсырады.

10. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамды профилактикалық есепке қойғаннан кейін ҚАПО-ның бастығы:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелеріне хабарлайды;

2) ҚАПО криминалдық полиция, кезекші бөлімдеріне, арнайы мекемелеріне және полицияның кешенді күштеріне мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның тарапынан құқық бұзушылық және оларға сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтару фактілерін анықтаған жағдайда дер кезінде ҚАПО-ның қоғамдық қауіпсіздік бөлімшелеріне ақпарат беруді тапсырады;

3) анықталған кемшіліктерді жою және ішкі істер органдарының жеке профилактикалық жұмысының тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдай отырып, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адам қасақана жасаған қылмыстың әрбір фактісі бойынша қызметтік тексеріс жүргізеді.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.19 № 361 (ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткеннен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

11. Учаскелік полиция инспекторы немесе кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы (бұдан әрі – учаскелік полиция инспекторы) мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адаммен әңгімелеседі, тұрғылықты жері бойынша тіркеу ережелерін сақтау туралы және оның уақтылы тіркеуге алынуын бақылайды, бас бостандығынан айыру орындарынан алынған ақпараттық-іздеу картасында (бұдан әрі - Т-АІК) көрсетілген деректердің дұрыстығын тексереді.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.19 № 361 (ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткеннен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

12. Бақылау ісі мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың бақылау істерін тіркеу журналының (Ережеге 2-қосымша) бірінші бөлігінде тіркеледі.

13. Бақылау ісі жазаның өтелмеген барлық мерзімі бойы жүргізіледі.

1 4 . М ы н а л а р :

1) аса қауіпті түрде қайталанып жасалған қылмыстар үшін, сондай-ақ экстремизм белгілері бар қылмыстар үшін;

2) ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін немесе қасақана қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға екі немесе одан да көп мәрте сотты болған жазасын өтеген мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдар

жазаның өтелмеген мерзімі аяқталғаннан кейін "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының әрекетіне түсетін адамдар санатына ауыстырылады.

15. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдарға қатысты, осы Ереженің 14-тармағында көрсетілген қылмыстары үшін жазасын өтеген адамдарды қоспағанда, жазаның өтелмеген мерзімі аяқталғаннан кейін бақылау ісін жүргізу тоқтатылады.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.19 № 361 (ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткеннен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

16. Бақылау ісіне бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаны туралы анықтаманың, сот үкімдерінің (олар болмаған жағдайда учаскелік инспектор түзеу мекемесіне сұрау салады), мерзімінен бұрын-шартты түрде босату туралы қаулының көшірмелері, соттылығын тексеру талабы және мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамға Т-АІК, оның өмірбаяны, соттылығы туралы толыққанды түсініктемесі және байланыстарының сызбасы (Ережеге 3-қосымша) тігіледі.

17. Бақылау ісін ашқаннан кейін учаскелік полиция инспекторы мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамға облыстық мекенжай бюросына күзет карточкасын (Ережеге 4-қосымша) жібереді.

18. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның облыстан (республикадан) тыс жаңа тұрғылықты жерге көшкені, қайта қылмыс жасағаны үшін мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылуы күшін жойып, бас бостандығынан айыруға сотталғаны, өтелмеген жаза мерзімінің аяқталғаны және қайтыс болғаны туралы хабарлама алынған жағдайда күзет карточкасы алынып қойылуы тиіс.

### **3. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдарға қатысты сот қаулыларының орындалуын бақылауды қамтамасыз ету**

19. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелерінен мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдар тұрғылықты жеріне келгеннен кейін учаскелік полиция инспекторы үш тәулік ішінде ҚАПО-ның бастығына оларға Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 178-2-бабына сәйкес сот жүктеген міндеттер бойынша шектеулер белгілеу туралы қаулы (Ережеге 5-қосымша) енгізеді.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.19 № 361 (ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткеннен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

20. Тұрғылықты жерінен, жұмыс және оқу орнынан кетпеуге қатысты Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 178-2-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген міндеттер бойынша белгіленген шектеулерді ҚАПО бастығы жұмыс, оқу режиміне байланысты өзгерте алады.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.19 № 361 (ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткеннен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

21. Есепке қойғаннан кейін учаскелік полиция инспекторы мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамға, егер ол бірнеше рет әкімшілік құқық бұзушылық не болмаса әкімшілік қамауға тартылатын құқық бұзушылық жасаған не болмаса Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 178-2-бабында көзделген міндеттерді орындаудан қасақана жалтарған жағдайда, ішкі істер органдары сотқа жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жою туралы ұсыныс енгізетінін түсіндіреді.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.19 № 361 (ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткеннен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

22. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамға шектеулер белгілеу туралы қаулы бақылау ісі материалдарына тігіледі. Қаулының көшірмесі мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамға түпнұсқасына қол қою арқылы тапсырылады.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.19 № 361 (ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткеннен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

23. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адам дәлелсіз себептер бойынша 5 тәуліктен астам уақыт тұрғылықты жеріне келмеген және міндеттерін орындаудан қасақана жалтару фактілері анықталған жағдайда, учаскелік полиция инспекторы бұл туралы ҚАПО-ның бастығына жазбаша баянатпен баяндайды және оның жүрген жері мен жалтару себептерін анықтау бойынша алғашқы іс-шараларды жүргізеді.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.19 № 361 (ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткеннен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

24. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адам бірнеше (екі немесе одан да көп) әкімшілік құқық бұзушылық не болмаса әкімшілік қамауға тартылатын құқық бұзушылық жасаған немесе Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 178-2-бабында көзделген міндеттерді орындаудан қасақана жалтарған жағдайда, ҚАПО-ның бастығы сотқа мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның жеке басын, мінез-құлқын сипаттайтын деректер мен бақылау ісі материалдарын

қоса отырып, жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жою туралы дәлелді ұсыным (Ережеге 6-қосымша) жолдайды.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.19 № 361 (ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткеннен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

#### **4. Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдарды бақылауды жүзеге асыру**

25. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдарды бақылау олардың тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырылады. Егер мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адам дәлелді себептер бойынша аталған мекенжайда тұра алмаса, ішкі істер органының бастығы оның арызына сәйкес оған қалалық, аудандық ішкі істер органы қызмет көрсететін аумақтың шегіндегі басқа жерде уақытша тұруға рұқсат беруі мүмкін.

26. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың сот жүктеген міндеттерін орындауын толыққанды бақылау мақсатында ішкі істер органдарының қызметкерлері:

1) мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның мінез-құлқы туралы жұмыс орны және тұрғылықты жері бойынша азаматтардан және меншік нысанына қарамастан ұйымдардың әкімшіліктерінен мәліметтер сұрауға және ал у ғ а ;

2) мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамды әңгімелесуге ішкі істер органына шақыруға, қажет болған жағдайда мұндай әңгімелерді туыстарының келісімі бойынша оларды қатыстыра отырып өткізуге;

3) мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардан сот жүктеген міндеттердің орындалуына байланысты мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түрде түсініктерді талап етуге құқылы.

**Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.19 № 361 (ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткеннен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

27. Учаскелік полиция инспекторы мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адаммен тұрғылықты жері бойынша сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтару және оның құқық бұзушылық жасау оқиғаларына жол бермеуі жөнінде ескерту жұмысын жүргізуге міндетті.

**Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.19 № 361 (ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткеннен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

28. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның тұрғын үйіне барудың нәтижелері бойынша учаскелік полиция инспекторы немесе оны ҚАПО бастығының нұсқауымен тексерген полиция қызметкері бақылау парағына (Ережеге 7-қосымша) тиісті белгі қояды.

29. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың ішкі істер органдарына келу міндеті бақылау жасау және профилактикалық сипатта әңгіме жүргізу мақсатында қолданылады. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның келу сағаттары, оның жұмысы мен оқуына әсер етпейтіндей есеппен белгіленеді.

30. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның ішкі істер органына келуін тіркеу қоғамдық қауіпсіздік бөлімшелерінде немесе учаскелік полиция пункттерінде жүзеге асырылады, бұл туралы арнайы тіркеу парағына (Ережеге 8-қосымша) белгі қойылады.

31. Учаскелік полиция инспекторы сот жүктеген міндеттерді бұзудың әрбір фактісі бойынша баянат (Ережеге 9-қосымша) толтырады және тиісті материалдарды мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның келуін қамтамасыз ете отырып, белгіленген тәртіппен сотқа жібереді.

**Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.19 № 361 (ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткеннен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

32. Ішкі істер органының немесе соттың шақыртуы бойынша келмеген жағдайда мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамды мәжбүрлеп алып келу жүзеге асырылады.

33. Егер ішкі істер органының қызмет көрсету аумағында тұрмайтын мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның сот жүктеген міндеттерді бұзғаны анықталса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама шара қолдану үшін сол адамға бақылауды жүзеге асыратын ішкі істер органына жіберіледі.

**Ескерту. 33-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.19 № 361 (ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткеннен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

34. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адам тұрғылықты жерінен ауданнан (қаладан, облыстан) тысқары шығу туралы мәселелерді мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның жазбаша арызының шығу себебін профилактикалық есепте тұрған кезеңдегі мінез-құлқын сипаттайтын деректер көрсетілген учаскелік инспектордың баянаты негізінде ҚАПО-ның бастығы немесе оның орынбасары қарайды. Қабылданған шешім туралы арызға тиісті жазба жазылады.

35. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамға басқа жерге уақытша кетуге және онда бір тәуліктен артық болуға рұқсат берілген жағдайда қолхат



арқылы бағыттық парақ (Ережеге 10-қосымша) беріледі, ол парақта басқа елді-мекенге шығуға рұқсат берілген күні, бару мақсаты мен болу мерзімі, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның ішкі істер органында тіркелуі, шақыру бойынша белгіленген уақытта ішкі істер органына келуі, тұрғылықты жері бойынша оны қадағалауды жүзеге асыратын учаскелік полиция инспекторына өзінің оралғаны туралы хабарлау міндеттері көрсетіледі. Учаскелік полиция инспекторы мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның кеткені туралы ол келуге тиіс аумаққа қызмет көрсететін ішкі істер органына жазбаша түрде хабарлайды (Ережеге 11-қосымша).

36. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адам басқа ішкі істер органы қызмет көрсететін аумаққа келісімен, қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің қызметкері немесе учаскелік полиция инспекторы мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдарды тіркеу журналының екінші бөліміне тіркейді және ішкі істер органы қызмет көрсететін аумаққа уақытша тұру үшін келген бағыттық парағына тиісті белгілер қойып, оларды ішкі істер органының мөрімен (мөртаңбасымен) растайды.

37. Учаскелік полиция инспекторы мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның уақытша тұру мерзімі ішінде оның мінез-құлқы мен өмір сүру салтын қадағалауды жүзеге асырады, әңгімелесу үшін оның келу күндерін белгілейді, болу мерзімі аяқталғанда бағыттық парағына оның уақытша тұру жеріндегі мінез-құлқы туралы жазба енгізеді.

38. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адам тұрғылықты жеріне оралған кезде бақылауды жүзеге асырушы учаскелік полиция инспекторы бағыттық парақтағы жазбалармен танысады, оған аталған адамның келгені туралы белгі қояды және бағыттық парақты бақылау ісіне тіркейді.

39. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адам басқа елді мекенге тұрақты тұруға кеткен жағдайда:

1) бақылауды жүзеге асырушы ішкі істер органы мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның тұратын аумақтағы ішкі істер органына ақпарат (Ережеге 12-қосымша) жібереді;

2) мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның жаңа тұрғылықты мекенжайы бойынша келуін үш күн мерзімде тексереді және ақпарат жіберген о р г а н ғ а х а б а р л а й д ы ;

3) мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның таңдап алған тұрғылықты жері бойынша келгені туралы расталған қатынас хатты алған соң, оның бақылау ісін және криминалдық полициядағы бар ақпараттарды әрі қарай бақылауы үшін жаңа тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органына жібереді;

4) бақылау ісін жолдаушы мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның тұрғылықты жерін ауыстырғаны туралы үш күн мерзімде облыстық

мекенжай бюросына хабарлайды ақпарат (Ережеге 13-қосымша). Осы тәртіппен мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адам қайталап қылмыс жасағаны үшін мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күші жойылып сотталғанда, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адам қайтыс болған кезде мекенжай бюросы хабарланады.

40. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамға тұрғылықты жеріне кеткен кезде бақылау парағы (Ережеге 14-қосымша) беріледі, онда кеткен күні, жаңа тұрғылықты жерінің мекенжайы және жаңа тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органына тіркелуге келу мерзімі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
министрінің 2007 жылғы 21 тамыздағы  
N 340 бұйрығымен бекітілген Жазасын  
өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде  
босатылған адамдардың мінез-құлқын  
бақылауды жүзеге асыру ережесіне

1-қосымша  
N \_\_\_\_\_ бақылау ісі

\_\_\_\_\_ мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылғанның тегі, аты, әкесінің аты

\_\_\_\_\_ тұрғылықты мекенжайы

Бақылауды \_\_\_\_\_

Қ А І І О - н ы ң а т а у ы

учаскелік полиция инспекторы \_\_\_\_\_

учаскелік полиция инспекторының атағы, \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ жүзеге асырады

\_\_\_\_\_ тегі және аты-жөні

Басталу күні:

200 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Жазаның өтелмеген бөлігі мерзімінің

аяқталу күні:

200 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

"Әкімшілік қадағалау туралы" Заңның  
қолданысына түсетін адамдар санатына

ө т к і з у к ү н і

200 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Бақылау ісін жүргізудің аяқталған

к ү н і :

200 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_



N 340 бұйрығымен бекітілген Жазасын  
өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде  
босатылған адамдардың мінез-құлқын  
бақылауды жүзеге асыру ережесіне

2-қосымша

**Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылғандарға арналған  
бақылау істерін тіркеу журналы**

200 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ басталды

200 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ аяқталды

Журналдың ішкі мазмұны

Бірінші бөлім

Бақылау ісінің реттік нөмірі	Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның тегі, аты және әкесінің аты	Жазаның өтелмеген бөлігі мерзімінің басталған күні
1	2	3

кестенің жалғасы

Жазаның өтелмеген бөлігі мерзімінің аяқталған күні	Мекенжай бюросына хабарлама күні	Бақылауды жүзеге асырушы учаскелік инспектордың тегі
4	5	6

Екінші бөлім

N p/c	Мерзімінен бұрын-шартты түрде келушінің әкесінің аты	бұрын-шартты босатылып тегі, аты,	Тұрғылықты жеріндегі мекенжайы және шығуға рұқсат берген ҚАПО-ның атауы	Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның ҚАПО-ға тіркелген күні және уақытша тұру мерзімінің аяқталуы
1	2		3	4

кестенің жалғасы

--	--	--	--	--

Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның уақытша тұратын мекенжайы және бақылауды жүзеге асырушы учаскелік инспектордың тегі	ҚАПО-ға кезекті келетін күні	Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның тұрақты тұратын жеріне кеткені туралы ҚАПО-ға тіркелген күні және оның мінез-құлқы туралы қысқаша ақпарат
5	6	7

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 340 бұйрығымен бекітілген Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру ережесіне

3-қосымша

Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның байланыстар сызбасы

Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның тегі, аты, әкесінің аты

V

-----			
_____   Әкесі  <_ _>	_____   Жақын	_____   Алыс  <_ _>	_____   Достары, таныстары
_____   _____	туыстары	туыстары	(мекенжайлары лақап аттары)
	V	V	V
_____   Шешесі  <_ _>	_____   Аға-інілері	_____   Немере	_____   _____
_____   _____	_____	ағасы	_____

\_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
| | |  
V | V | V

\_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
| Апа-қарын- | | Немере | | \_\_\_\_\_ |  
| дастары | | әпкесі | | \_\_\_\_\_ |

\_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_

Әр бөлімде тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты мекенжайы, жұмыс орны, лақап аттары, сотты болғандығы көрсетіледі (сызбаға барлық достары, таныстары мен туыстары енгізіледі).

Сызбаны жасаған:

\_\_\_\_\_ лауазымы, атағы \_\_\_\_\_ тегі және аты-жөні \_\_\_\_\_  
200 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
министрінің 2007 жылғы 21 тамыздағы  
N 340 бұйрығымен бекітілген Жазасын  
өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде  
босатылған адамдардың мінез-құлқын  
бақылауды жүзеге асыру ережесіне

4-қосымша

Күзет карточкасы

Тегі \_\_\_\_\_  
Аты \_\_\_\_\_  
Әкесінің аты \_\_\_\_\_  
Туған күні мен туған жері \_\_\_\_\_  
Мекенжайы \_\_\_\_\_

Паспорты (куәлігі) \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ берілген

Бас бостандығынан айыру орындарынан мерзімінен бұрын-шартты түрде  
б о с а т ы л ғ а н .

Аталған адамның мінез-құлқын бақылауды \_\_\_\_\_  
і ш к і і с т е р о р г а н ы \_\_\_\_\_ жүзеге асырады.

қызметкерінің лауазымы, атағы, тегі және аты-жөні \_\_\_\_\_ бастығы  
\_\_\_\_\_ і ш к і і с т е р о р г а н ы

атағы, қолы, тегі және аты-жөні

200\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Күзет карточкасы адамның облыстан (республикадан) тыс, жаңа тұрғылықты жерге қоныс аударған, қайта қылмыс жасап, мерзімінен бұрын-шартты түрде босату шарасы өзгертілгені, жазаның өтелмеген бөлігінің мерзімі аяқталғаны, қайтыс болғаны туралы хабарлама алған кезде алынып тасталуы тиіс.

(көлемі 100x140 мм)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с т е р м и н и с т р і н і ң

2 0 0 7 ж ы л ғ ы 2 1 т а м ы з д а ғ ы

№ 340 бұйрығымен бекітілген

Ж а з а с ы н ө т е у д е н м е р з і м і н е н

б ұ р ы н - ш а р т т ы т ү р д е

б о с а т ы л ғ а н а д а м д а р д ы ң м і н е з

қ ұ л қ ы н б а қ ы л а у д ы ж ү з е г е

асыру ережесіне 5-қосымша

**Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 2010.08.19 № 361 (ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткеннен соң күшіне енеді) бұйрығымен.**

Б е к і т е м і н

\_\_\_\_\_ бастығы

Қ А І І Б - н і ң а т а у ы

\_\_\_\_\_

а т а ғ ы , Т . А . Ә . қ о л ы

20\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

**Мерзімінен шарты-түрде босатылған адамға қатысты міндеттерді белгілеу туралы қаулы**

\_\_\_\_\_ учаскелік полиция  
( Қ А І І О - н ы ң а т а у ы )

инспекторы \_\_\_\_\_  
( Т . А . Ә . , а т а ғ ы )

\_\_\_\_\_ ( с о т т ы ң т о л ы қ а т а у ы )

20\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ сот қаулысын қарап, оған сәйкес \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ жазасын өтеуден

(шартты мерзімінен бұрын босатылған адамның Т.А.Ә.) шартты мерзімінен бұрын босатылды және оған мынадай міндеттер жүктелді:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

*Ескертпе: Егер сот қаулысында тек Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 178-2-бабына сілтеме жасалған жағдайда «ҚАК-нің 178-2-бабында көзделген..... міндеттер жүктелді».*

20 \_\_\_\_ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ сот қаулысы күшіне енгеннен соң шартты мерзімінен бұрын босатылған \_\_\_\_\_ мына мекен-жай бойынша \_\_\_\_\_ тұруға келді.

Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 178-2-бабына сәйкес тиісті бақылауды қамтамасыз ету мақсатында шартты мерзімінен бұрын босатылғанға сот жүктеген \_\_\_\_\_ міндеттерді \_\_\_\_\_ белгілеу \_\_\_\_\_ қажет.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 178-2-бабын басшылыққа ала отырып,

### **Қаулы етемін:**

\_\_\_\_\_ қатысты мынадай \_\_\_\_\_ тегі, аты - жөні \_\_\_\_\_ міндеттер \_\_\_\_\_ белгіленсін:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_

*Ескертпе: Шектеулер тізімі шартты мерзімінен бұрын босатылған адамға Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 178-2-бабына сәйкес сот жүктеген міндеттермен қатаң сәйкестікте белгіленеді.*

\_\_\_\_\_ учаскелік полиция инспекторы  
Қ А І І Б - н і ң а т а у ы

\_\_\_\_\_ атағы, Т.А.Ә.

20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 340 бұйрығымен бекітілген Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың мінез-құлқын



бақылауды жүзеге асыру ережесіне  
6-қосымша

\_\_\_\_\_ сотының төрағасы  
\_\_\_\_\_ мырзаға

**Ұсыныс**

200\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ бастап Қазақстан Республикасы ҚК "\_\_\_" бабы бойынша "\_\_\_" жылға сотталған, бас бостандығынан айыру орындарынан жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның "\_\_\_" жазасын өтемеген мерзімі 200\_\_ жылғы "\_\_\_" жылдан бастап \_\_\_\_\_ мекенжайында тұратын \_\_\_\_\_ жылы туған азамат(ша) \_\_\_\_\_ профилактикалық есепте тұратынын хабарлаймын.

**ҚАПО атауы**

Азамат (ша) \_\_\_\_\_ жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылғаннан кейін ішкі істер органдарының ескертуіне қарамастан, түзелу жолына түспеді, құқыққа қарсы өмір сүруді жалғастыруда және (сот белгілеген міндеттерді) құқық бұзушылықтарға жол беруде.

(белгіленген міндеттерді бұзу) әкімшілік құқық бұзушылық жасаған немесе жүктелген міндеттемелерді бұзу және олар

бойынша есептегі адамға қатысты қабылданған әкімшілік ықпал ету шаралары көрсетіледі )

Алайда, қабылданған шараларға қарамастан, азамат (ша) тағы да құқық бұзушылық жасады (сот белгілеген міндеттерді орындаудан жалтарды)

(жол берілген құқық бұзушылық немесе белгіленген міндеттерді орындамауы көрсетіледі.)

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып және Қазақстан Республикасы ҚАК 178-2-бабы, және Қазақстан Республикасы ҚК 70-бабының "а" тармағын басшылыққа ала отырып ,

Сізден азамат (ша) \_\_\_\_\_ жазадан мерзімінен \_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты.

бұрын-шартты түрде босатуды алып тастау мәселесін шешуіңізді с ұ р а й м ы н

\_\_\_\_\_ бастығы

Қ А П О а т а у ы ,

200\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

а т а ғ ы ,                      т е г і ,                      а т ы ,

әкесінің аты, қолы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
министрінің 2007 жылғы 21 тамыздағы  
N 340 бұйрығымен бекітілген Жазасын  
өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде  
босатылған адамдардың мінез-құлқын  
бақылауды жүзеге асыру ережесіне

7-қосымша

**Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамға қатысты  
белгіленген міндеттердің сақталуын бақылау парағы**

Тегі \_\_\_\_\_ Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты \_\_\_\_\_

Туған күні және туған жері \_\_\_\_\_

Тұрғылықты мекенжайы \_\_\_\_\_

Бақылау мерзімі \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейін

N p/c	Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамды тұрғылықты жері бойынша тексерген қызметкердің лауазымы, атағы, тегі	Тексеру күнімен уақыты	Тексеру нәтижелері (үйінде болды, болған жоқ)	Белгіленген міндеттерді бұзғаны үшін мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамға қолданылған шаралар
1	2	3	4	5

Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
министрінің 2007 жылғы 21 тамыздағы  
N 340 бұйрығымен бекітілген Жазасын  
өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде  
босатылған адамдардың мінез-құлқын  
бақылауды жүзеге асыру ережесіне

8-қосымша

**Тіркеу парағы**

Азамат (ша) \_\_\_\_\_

мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның тегі,  
аты және әкесінің аты

ҚАПО \_\_\_\_\_

ҚАПО-ның толық атауы \_\_\_\_\_

Жазаның өтелмеген бөлігінің мерзімі \_\_\_\_\_ дейін

Тіркелу үшін белгіленген күні мен уақыты \_\_\_\_\_

№ р/с	Тіркеуді жүргізген қызметкердің лауазымы, атағы, тегі	Тіркелген күні	Мерзімінен бұрын-шартты түде босатылған адамның қолы	Ескерту

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 340 бұйрығымен бекітілген Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру ережесіне  
9 - қ о с ы м ш а

\_\_\_\_\_ ҚАПО толық атауы

бастығы \_\_\_\_\_

**Баянат**

200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ ҚР ҚК " \_\_ " бабы бойынша " \_\_ " жылға сотталған, бас бостандығынан айыру орындарынан жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босап шыққан \_\_\_\_\_ мекенжайында тұратын \_\_\_\_\_ жылы туған азамат(ша) \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты

ішкі істер органдарының ескертуіне қарамастан, құқыққа қарсы өмір сүруін және сот белгілеген міндеттемелерді, құқық бұзушылығын әкімшілік жауапкершілікке тартылды, міндеттерді орындаудан жалтарды

\_\_\_\_\_ (әкімшілік қадағалау ережесін немесе белгіленген шектеулерді бұзу

\_\_\_\_\_ және олар бойынша қадағаланушыға қатысты қабылданған әкімшілік әсер ету шаралары көрсетіледі)

Алайда, қабылданған шараларға қарамастан, азамат (ша) тағы да құқық бұзушылық жасады \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (жол берілген құқық бұзушылық

немесе белгіленген міндеттемелерді орындамауы көрсетіледі.)

Жоғарыда баяндалғанды ескере, Қазақстан Республикасы ҚАК-нің 178-2-бабын басшылыққа ала отырып, Сізден азамат (ша) \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты катысты құжаттарды жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды алып тастау мәселесін шешу үшін аудандық, қалалық сотқа жолдау мәселесін шешуіңізді сұраймын.

ҚАПО-ның атауы, учаскелік полиция

инспектордың атағы, тегі, аты, әкесінің аты, қолы

200 \_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 340 бұйрығымен бекітілген Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру ережесіне

### 10-қосымша

	Б А Ғ Ы Т Тегі _____ Әкесінің аты _____ Туған күні мен туған жері _____	П А Р А Ғ Ы Аты _____
Бағыт парағының түбіршегі Азамат(ша) _____ тегі, аты, әкесінің аты _____	— Тұрғылықты мекен жайы _____	—
_____ елді мекеннің атауы _____ күн мерзімге шығуға рұқсат берілді.	Жазаның өтелмеген мерзімі _____ бастап _____ дейін Бақылауды жүзеге асыратын ішкі істер бөлімінің атауы _____	Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде б о с а т ы л ғ а н күні _____
Рұқсат берілген күні _____ Болу уақыты _____ бастап _____ дейін белгіленген. Азамат(ша) _____	Бақылаудағы адамның баратын елді мекеннің атауы _____	_____
_____ тегі және аты-жөні елді мекенге келгеннен кейін жергілікті ішкі істер органында тіркелуге міндетті екендігі ескертілді. Ескертумен _____ таныстым 200 ____ жылғы " ____ " _____ _____ қолы	_____ Сапардың мақсаты _____ Осы елді мекенде болу мерзімі _____ бастап _____ дейін _____ белгіленген. _____ ҚАПО-ның атауы _____ бастығы	_____

	а т а ғ ы ,
	колы, тегі, аты-жөні
Бағыт парағының сыртқы жағы	
	<p>200__жылғы "___"_____ келді.</p> <p>_____ елді мекеннің атауы</p> <p>_____ кезекшісі</p> <p>_____ ҚАІПО - ның атауы</p> <p>М.О. _____</p> <p>_____ атағы, қолы, тегі, аты-жөні</p> <p>Уақытша тұратын жеріндегі учаскелік полиция инспекторына келгені туралы белгі.</p> <p>1. 200__жылғы "___"_____ ҚАІПО қызметкерінің қолы</p> <p>2. 200__жылғы "___"_____ ҚАІПО қызметкерінің қолы</p> <p>_____ кетті.</p> <p>_____ елді мекеннің атауы</p> <p>_____ кезекшісі</p> <p>М.О. _____</p> <p>_____ атағы, қолы, тегі, аты-жөні</p> <p>200__жылғы "___"_____ тұрғылықты жеріне</p> <p>к е л д і .</p> <p>_____ учаскелік полиция инспекторы</p> <p>Қ А І П О - н ы ң а т а у ы</p> <p>_____</p> <p>атағы, қолы, тегі, аты-жөні</p>

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 340 бұйрығымен бекітілген Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру ережесіне

11-қосымша

Ішкі істер органының  
мөртаңбасы

\_\_\_\_\_ ҚАІПО-ның атауы  
\_\_\_\_\_ бастығына

**Хабарлама**

200\_\_жылғы "\_\_\_"\_\_\_\_\_ туған, \_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша тұратын \_\_\_\_\_ тұрғылықты мекенжайы мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған азамат (ша)

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты  
200\_\_жылғы "\_\_\_"\_\_\_\_\_

сапардың мақсаты

\_\_\_\_\_ тәулік мерзімге  
елді мекеннің атауы

шығуға рұқсат етілді. Ол жерде \_\_\_\_\_  
мекенжайы бойынша \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_ дейін тұрады.  
Жоғарыда баяндалғандарға байланысты уақытша тұратын жері бойынша  
азамат (ша) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тегі, аты - жөні  
мінез-құлқы мен өмір сүру салтын бақылауды ұйымдастыруды, оның  
тарапынан болған құқық бұзушылықтар туралы \_\_\_\_\_  
ішкі істер бөліміне хабарлауды сұраймын.

\_\_\_\_\_ бастығы  
Қ А І І О атауы ,

\_\_\_\_\_ қолы, тегі, аты-жөні  
200 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ "

Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
министрінің 2007 жылғы 21 тамыздағы  
N 340 бұйрығымен бекітілген Жазасын  
өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде  
босатылған адамдардың мінез-құлқын  
бақылауды жүзеге асыру ережесіне

12-қосымша

Ішкі істер органының \_\_\_\_\_  
мөртаңбасы \_\_\_\_\_ ҚАІІО-ның атауы  
\_\_\_\_\_ бастығына

Профилактикалық есепте тұратын, бас бостандығын айыру орындарынан  
мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған азамат(ша)

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты  
\_\_\_\_\_ тұрғылықты  
мекенжайын өзгерту және \_\_\_\_\_ мекенжайы  
бойынша шығу ниетінде екенін хабарлаймын.

Жоғарыда баяндалғандарға байланысты уақытша тұратын жері бойынша  
азамат (ша) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тегі, аты - жөні  
жаңа тұрғылықты жеріне уақтылы келуін бақылауды ұйымдастыруды сұраймын.  
Бақылау ісі азамат (ша) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тегі, аты - жөні

жаңа тұрғылықты жеріне келгені туралы растау қағаз алғаннан кейін жіберіледі.

бастығы

Қ А І І О а т а у ы

қолы, тегі, аты-жөні

200 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 340 бұйрығымен бекітілген Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру ережесіне

13-қосымша

Ішкі істер органының  
мөртаңбасы

\_\_\_\_\_  
бюросының атауы

\_\_\_\_\_  
атауы

Бас бостандығын айыру орындарынан мерзімінен бұрын-шартты түрде б о с а т ы л ғ а н ,

200 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ күзет парағы ашылған  
азамат (ша) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
тегі, аты, әкесінің аты

\_\_\_\_\_  
туған күні, тұрғылықты мекенжайы

мекенжайы бойынша жаңа тұрғылықты жерге кетті, бас бостандығынан айыруға сотталған, жазадан мерзімінен бұрын-шартты түрде босату мерзімі аяқталғанына байланысты, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған күнінен бастап 3 жыл мерзімін өтеуіне не болмаса соты болуының өтелуіне немесе алынуына ( керегін сызыңыз) байланысты қадағаланушы адамдар есебінен шығарылуы тиіс екенін хабарлаймын.

бастығы

Қ А І І О - н ы ң а т а у ы

\_\_\_\_\_  
қолы, тегі және аты-жөні

200 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 21 тамыздағы N 340 бұйрығымен бекітілген Жазасын

өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде  
босатылған адамдардың мінез-құлқын  
бақылауды жүзеге асыру ережесіне

14-қосымша

<p>Бақылау парағының түбіршегі</p> <p>_____</p> <p style="text-align: center;">елді мекеннің атауы шығатын азамат(ша) _____</p> <p>_____</p> <p style="text-align: center;">тегі, аты, әкесінің аты Ш ы ғ у к ү н і _____</p> <p>_____</p> <p>Азамат(ша) _____</p> <p style="text-align: center;">тегі және аты-жөні елді мекенге келгеннен кейін жергілікті ішкі істер органына тіркелуге міндетті екендігі ескертілді.</p> <p>Ескертумен таныстым 200__ жылғы " ____ " _____</p> <p style="text-align: center;">_____</p> <p style="text-align: center;">қолы</p>	<p><b>БАҚЫЛАУ ПАРАҒЫ</b></p> <p>Тегі _____ Аты _____</p> <p>Әкесінің аты _____</p> <p>Туған күнімен туған жері _____</p> <p>_____</p> <p>Тұрғылықты мекенжайы _____</p> <p>_____</p> <p>Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған күні _____</p> <p>_____</p> <p>Жазаның өтелмеген мерзімінің аяқталған күні _____</p> <p>_____</p> <p>Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның таңдап алған елді мекенге шығу күні _____</p> <p>_____</p> <p>Тіркелуге келген күні _____</p> <p>_____</p> <p style="text-align: center;">_____ бастығы</p> <p style="text-align: center;">Қ А І І О а т а у ы ,</p> <p style="text-align: center;">_____</p> <p style="text-align: center;">_____ а т а ғ ы ,</p> <p style="text-align: center;">_____</p> <p style="text-align: center;">тегі, аты-жөні, қолы</p>
---	--